

ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫНЫҢ АСПЕКТ КОМПОНЕНТІ БОЙЫНША ТАПСЫРМАЛАРДЫ ЖАСАҚТАУ ЖОЛДАРЫ

*Жуматаева Жаркынай Уралбаевна
Маңғыстау облысының білім басқармасының Ақтау
қаласы бойынша білім бөлімінің «Т.Айбергелұлы атындағы
№19 мектеп-гимназиясы» КММнің ағылшын тілі пәні
мұғалімі Жуматаева Жаркынай Уралбаевна
Қазақстан*

PISA (Programme for International Student Assessment) шеңберіндегі тестілеу барысында функционалдық сауаттылықтың үш саласы бағаланады: оқудағы сауаттылық, математикалық және ғылыми-жаратылыстану сауаттылық. Зерттеудің әрбір кезеңінде үш зерттеу бағыттарының біріне ерекше көңіл (тест тапсырмасының үштен екі бөлігі) бөлінеді. PISA зерттеуіндегі оқу сауаттылығы – оқушылардың жазбаша мәтіндерді ұғына оқу қабілеттілігі және оларға рефлексия, олардың мазмұнын өз мақсаттарына қол жеткізу үшін қолдануы, білімдері мен дағдыларын қоғамның белсенді өміріне араласуы үшін дамытуы. Оқу сауаттылығын тексеру оқу техникасы немесе мәтіннің мазмұнын нақты түсінуін бағалау емес, оқу барысында меңгерген білімдері мен дағдыларын өмірлік жағдайларда қолдана білу ептіліктерін бағалауға бағытталған. [1, 15].

Қазіргі мектептерде оқушылардың бойындағы функционалдық сауаттылық пен өмірге қажетті құзырлылықтар жиынтығын дамытуға басты назар аударыла бастады. Сондықтан әрбір ұстаз жаңа кезең талаптарына сай болу үшін педагогикалық процестің бірізділігін және оқу мен тәрбиенің біртұтастығын сақтай отырып, оқушының рухани өсуіне жағдай туғыза алатын, жаңалықтарды қабылдауға ынталы, өз әрекетіне өзгеріс енгізе алатын, өзгермелі өмірге оқушыны да, өзін де даярлай білетін шығармашыл тұлға болуы тиіс.

"Сауатты оқу – бұл мақсатқа қол жеткізу, білім мен әлеуетті дамыту, қоғамға қатысу үшін жазбаша мәтінді түсіну, пайдалану, көрсету және жұмыс жасау" (PISA, 2009).

Оқу сауаттылығының 3 құрамдауышы бар, олар: *жағдай, мәтін, аспект*.

1-құрамдауыш, Жағдай:

Жағдайдың санаттары: жеке пайдаланым үшін оқу, көпшілік пайдалану үшін оқу (қоғамдық), білім алу үшін оқу, типтік кәсіби оқу.

Жеке (өзі үшін) мақсаттар үшін оқу – жеке тұлғаның практикалық қана емес, сонымен қатар зияткерлік қызығушылықтарын қанағаттандыру үшін арналған мәтіндер жатады. Бұл категория сонымен қатар жеке байланыстарын басқа адамдармен қолдау және дамытуға арналған мәтіндерді де қамтиды. Ол демалыс бөлігі немесе көңіл көтеру іс-шараларының бөлігі ретінде қызығушылықты қанағаттандыру үшін оқуға арналған ақпараттық мәтіндер және биографиялар, көркем әдебиет, жеке хаттарды қамтиды. Электронды түрде ол электронды хабарлар, бір сәттік хабарлар, әлеуметтік медиа сайттар/нетворкинг желілерін күнделіктер түріндегі блоктардан тұрады-28%);

Қоғамдық - қоғамның жалпы мәселелері мен қызметіне қатысты мәтіндерді оқуды сипаттайды. Осы категорияға ресми құжаттар, сонымен бірге қоғамдық іс-шаралар туралы ақпарат кіреді. Жалпы, осы категориямен байланысты мәтіндер, басқалармен азды-көпті анонимді байланысты меңзейді; олар сонымен бірге осылайша форум стиліндегі блоктарды, жаңалықтар сайттарын және онлайн түрінде де баспа түрінде де кездесетін қоғамдық маңызы бар оқиғаларға қатысты хабарламаларды да қамтиды – 28%).

Оқу мәтіндерінің мазмұны – ережеге сай, арнайы оқытуға арналған. Баспа оқулықтар мен оқытуға арналған интерактивті бағдарламалық қамтамасыз ету, оқудың осы түрі үшін құрастырылған материалдың типтік мысалдары болып табылады. Оқыту оқуы анағұрлым ірі тапсырма бөлігі ретінде ақпаратты жинақтауды қамтиды. Материалдарды көбіне оқытушылар таңдайды, оқырмандар таңдамайды. Типтік тапсырмалар, ережеге сай,

«білу үшін оқу» деп атайды (жұмыс процесінде, жұмыста: қалай орындау керектігі жөнінде нұсқау мәтіндері – 16%).

Типтік кәсіби оқу тапсырмасы – бірқатар тікелей тапсырманы орындауды қамтиды. Бұл жұмысты іздеу немесе баспа газетінің арнайы жарнамалық бөлігінде қамтылуы мүмкін немесе жұмыс орнындағы ережелер. Осы типтегі типтік тапсырмаларды жиі «істеу үшін оқу» деп атайды, білім беру мақсаттары үшін пайдаланылатын оқулықтар, білім алу мақсатындағы мәтіндер – 28%. [2, 47-48].

2-құрамдауыш, Мәтін:

Мәтін типі: **тұтас** (сипаттама : көркем әдеби және техникалық) – 13%, мазмұндау (әңгіме, есеп, репортаж) – 22%, мазмұндама (эссе, резюме, интерпретация) – 13%, аргументациялау (комментарий, ғылыми негіз) – 13%, нұсқау, келісім (жұмыс жасау үшін нұсқаулық, ереже, жарғы, заңдар – 5 %);

жадағай, тұтас емес: 1) графиктер (11%, 2) диаграммалар 3%, 3) кестелер 11%, 4) карталар 3%, 5) бланк формалары (салық, виза, сауалнама және т.б. 6) ақпараттық беттер және хабарландырулар 2 %.

3-құрамдауыш, Аспект: *Аспектiлер* – бұл оқырман мәтінде, мәтін айналасында және мәтін арасында аталған тәсілдерді келісу үшін пайдаланылатын психологиялық стратегиялар, тәсілдер және тапсырмалар. Оқу сауаттылығы тапсырмаларын әзірлеумен айналысатын бес аспект:

- *кеңінен түсінуді қалыптастыру* (негізгі тақырыпты анықтау, тақырып қою, мәтіндегі негізгі ой бойынша тезис құрастыру, мәтінге қатысты графикті немесе кестені, карта немесе суретті, мәтіннің сипатын т.б. анықтау, автордың айтпақ ойын анықтау арқылы мәтіннің идеясына көз жеткізу – 20 %);
- *ақпарат іздеу, қол жеткізу және алу* (сұрақ құрастыру, мәтінге көз жүгірту арқылы оның негізгі элементтерін анықтау, ақпараттың байланысын іздеу – 20%);
- *интерпретациялауды дамыту* (қызығушылық тудыратын ерекше дағдылар, көзқарастар немесе кейде логикалық қорытынды деп те аталады – 30%);
- *мәтін мазмұнын көрсету және бағалау* (мәтіндегі ақпаратты өзге ақпарат көздеріндегі материалдармен салыстыру, өзінің не ойлайтындығы туралы айта отырып, мәтіннің идеясына баға беру, бұл аспект оқушының жоғары деңгейді талап етеді, яғни зияткерлік, адамгершілік және эстетикалық қабілетін бағамдайды – 15%);
- *мәтін формасын көрсету және бағалау* (мәтін құрылымына назар аудару, жанрлық ерекшеліктерін анықтау, мәтіннен ирония, сатира сынды автордың үтін танытатын автордың берген бағасын т.б. сыни талдау, стилистикалық комментарий беру – 15%) [3, 95-96].

Тұтас әрі күрделі мәтінді оқытушы белсенді оқытудың қандай әдіс-тәсілдері арқылы («Галереяда ой шарлау», «Джигсо», «Кубизм», «Мозаика», «Кемпірқосақ топтары») т.б. оқытса да, әрине өзінің кәсіби шеберлігі мен сабақты жоспарлауына байланысты екені сөзсіз, біздің мақсатымыз, сол мәтінге аспектінің 5 түрі бойынша тапсырма құрастыру жолдарын көрсету.

Оқу сауаттылығының аспект компоненті бойынша әр түрлі тапсырмалар жасақтап, оқушыларды PISA-ға бағыттап, үйретуге болады, түрлі тапсырмаларды орындау арқылы PISA-ның оқу сауаттылығындағы мұқият оқу немесе өзгертіп айту (перефразировать), баяндау, интерпретациялауды дамыту сынды оқу стратегияларын жүзеге асырамыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. PISA халықаралық зерттеуі. Әдістемелік құрал.// Астана, 2013.
2. Куанаева Р.С., Күлшариева Б.С., Зейнешева М.А.. PISA халықаралық зерттеуін жүргізу аясында оқушылардың функционалдық оқу сауаттылығын дамыту: Әдістемелік құрал.// Орал, 2015.
3. Основные результаты международного исследования PISA 2012. //Редакционно-издательская служба, НИОСО, 2013.